Мағыстау облысы білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Атамекен бобекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.

# «Ана мен бала» интелектуалды ойыны



Дайындаған: А. Таганова

2024 жыл

# Ана мен бала интеллектуалды ойындар

Мақсаты: Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығын, ата - ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе бала тәрбиесі жайлы түсінікті терендете түсу. Балардың ойлау қабілетін, білімділігін тіл байлығын мақал - мәтел арқылы дамыту. Ойында өздерін еркін ұстауға, өз ойларын ашық айта білуге. Ұлттық ойындарға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Бөлме мерекелік ойынға сай шарлармен, отбасы жайлы нақыл сөздермен, түрлі отбасылық суреттермен безендірілген.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата аналар және балабақша бүлдіршіндері! «Балалы үй базар», бала өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі. Болашақ баланың жақсы азамат болып өсуі отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы оқу тәрбие жұмысының сабақтастығын, жобаны жандандыру мақсатында «Ана мен бала» атты интелектуалдық ойын, ата аналар мен бүлдіршіндердің қатысуымен өтетін ойын сайысымызға қош келіңіздер!

Сайыс мынадай бөлімдерден тұрады:

1 - бөлім «Кім біледі»

2 - бөлім «Крокадил» ойыны

3 - бөлім «Сөз мәйегі - мақал, және жұмбақ»

4 - бөлім «Миға шабуыл»

1 - бөлім «Кім біледі» Ата - аналарға

Әр топқа 10 сұрақ беріледі. Барлық 10 сұраққа 2 минут, дұрыс жауапқа 5 ұпай

Балаларға тапсырма

1. Түлкі қай ертегіде кездеседі? Бауырсақ,
2. Қай аңның құйрығы қысқа? Қоян
3. Үй жануарларын ата? Түйе, сиыр, ешкі, қой, жылқы,
4. Пішіндерді ата? Тіктөртбұрыш, үш бұрыш, шаршы, төртбұрыш,
5. 1 - ден 5 - ке дейін сандарды кері және тура ата? 12345, 54321
6. Жабайы аңдарды ата? Түлкі, аю, қоян, арыстан, жолбарыс,
7. Бағдаршамның неше көзі бар? 3 көзі
8. Мысықтың неше аяғы бар? 4 аяғы
9. Күннің түсі қандай? Сары
10. Аяз ата қандай мерекеде келеді? Жаңа жыл

3 - бөлім «Сөз мәйегі - мақал, және жұмбақ»

Тапсырма: берілген тақырыптарға байланысты мақалдың жалғасын айту. Ең көп мақал айтқан ойыншыға 5 ұпай беріледі. Ата - аналар

)қу – білім бұлағы
ім - өнер шырағы.
Энер алды – бірлік,
ыс алды – тірлік.
Қолымен істегенді
ойнымен көтер
Отыз тістен шыққан сөз,
тыз руға тарайды.
. Жаңбыр жауса – жер ырысы.
. Әкеге қарап ұл өсер,
Анаға қарап қыз өсер,
7. Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге
8. Ақыл көпке жеткізеді.
Өнер көкке жеткізеді.

Жұмбақ Балаларға

1. Кезікті бір жануар,
Үстінде екі тауы бар. (Түйе)
2. Тікірейіп құлағы
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті - қолын жуады. (Мысық)
3. Өзі ширақ, өзі қу,
Жүрген жері айқай - шу. (Түлкі)
4. Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар. (Қой)
5. Жерге қазық қақтым
Басына айдар тақтым Сәбіз
6. Аспанда бір ана бар
Маңы толған балалар Ай мен жұлдыздар

4 - бөлім «Миға шабуыл»

Шарты: билет суырып алып, қандай сурет түседі, сол суретін салу.
«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады» демекші бүгінгі сайысымызды таразылайтын әділқазылар алқасына сөз береміз.
Болмасын ешбір сөз өкпе,
Әсері қалды жүректе
Қазылар берген бағалар,
Ұштасып айтар тілекке! - дей отырып, осымен «Ана мен бала» интеллектуалды ойынымыз өз мәресіне жетті.







